


DEXP

ПАЙДАЛАНУШЫ НҰСҚАУЛЫҒЫ

Робот шаңсорғыш DEXP LF800



Мазмұны

Сақтық шаралары	5
Аккумуляторлық батареямен (Li-pol/Li-ion) жұмыс істеу жөніндегі ұсынымдар	6
Құрылғының сұлбасы	8
Пайдалану жөніндегі нұсқаулық	10
Тазалау және күтім жасау	15
Қателер кодтары.....	17
Техникалық сипаттамалар	19
Қосымшаны орнату және құрылғыны қосу.....	20
Монтаждау, сақтау, тасу (тасымалдау), өткізу және кәдеге жаратудың ережелері мен шарттары.....	21
Қосымша ақпарат	22

Құрметті сатып алушы!

Сізге «DEXP» сауда маркасымен шығарылатын өнімді таңдағаныңыз үшін алғыс білдіреміз.

Біз сапаға, функционалдылық пен дизайнға қойылатын жоғары талаптарға сәйкес әзірленген және жасап шығарылған бұйымдар мен құрылғыларды Сізге ұсынуға қуаныштымыз. Пайдалануды бастар алдында Сіздің қауіпсіздігіңізге қатысты маңызды ақпараттан, сонымен қатар өнімді дұрыс пайдалану және оған күтім жасау жөніндегі ұсынымдардан тұратын осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз. Осы Нұсқаулықтың сақталуына мұқият болыңыз және бұйымды одан әрі пайдаланғанда оны анықтамалық материал ретінде қолданыңыз.

Аспаптың мақсаты

Берілген құрылғы әртүрлі беттерден (кафельдік, паркеттік еден, кілемдер және т. б.) шаң мен ластануларды жинауға арналған.

Сақтық шаралары

1. Құрылғыны іске қосар алдында онда көрсетілген кернеу жергілікті электр желісінің кернеуіне сәйкес келетініне көз жеткізіңіз.
2. Тек қана түпнұсқалық аксессуарларды пайдаланыңыз.
3. Құрылғыны ешқашан шаң жинағышсыз/суға арналған резервуарсыз іске қоспаңыз.
4. Киімнің және бөгде заттардың қысылып қалуының алдын алу үшін құрылғының дөңгелектерінің астына түсуіне жол бермеңіз.
5. Жарақат алу және құрылғының бұзылуының алдын алу үшін шаңсорғышты үшкір жарықшақтар, шыны, зиянды заттар, су және басқа сұйықтықтар, жеңіл тұтанатын және жарылысқа қауіпті субстанциялар сияқты объектілерді сорудан қорғаңыз.
6. Тазалау және ұзақ сақтар алдында құрылғыны үнемі желіден ажыратып қойыңыз.
7. Зарядтау құрылғысының баусымын бүкпеңіз. Баусымға және құрылғының өзіне ылғал қол тигізбеңіз.
8. Осы құрылғы тек қана тұрмыста пайдалануға арналған. Құрылғыны үйден тыс жерде пайдаланбаңыз.
9. Құрылғы балалар мен денелік, сенсорлық немесе ақыл-ой қабілеттері шектеулі тұлғалардың пайдалануы үшін арналмаған, тек олардың қауіпсіздігі үшін жауапты тұлғалар оларға бақылауды жүзеге асыру жағдайларын қоспағанда.
10. Аспапты су көздеріне және қыздырғыш элементтерге тікелей жақын жерде орналастырмаңыз. Аспапты ылғалдың әсерінен қорғаңыз.
11. Тазалауды бастар алдында шаң жинағыш тығыз орнатылғанын үнемі тексеріңіз.
12. Пайдаланар алдында еденнің бетін бөгде объектілерден тазалаңыз: тұрмыстық электрлік аспаптардың қуат көзі баусымдарынан, еденге түсетін перде бөліктері, сынғыш заттардан және т. б.
13. Баспалдақтары бар үй-жайларда пайдаланар алдында құрылғыны ең алдымен биіктікті тану мен құлаудың ықтимал қауіпін анықтауға сынаңыз.
14. Құрылғының құлауына және бұзылуына жол бермеу үшін құрылғыны биіктікте немесе басқа заттардың беттеріне қоймаңыз.
15. Ауа соратын арнаның бұғатталуына жол бермеңіз.
16. Аспапты үшкір заттардың, абразивті құрамдардың және оны бүлдіруі мүмкін басқа объектілердің әсерінен қорғаңыз.
17. Аспапты төтенше температуралардың әсерінен қорғаңыз. Құрылғыны -5 °C-ден +40 °C дейінгі қалыпты температурада пайдаланыңыз және сақтаңыз.
18. Аккумуляторды ауыстырғанда құрылғыны үнемі желіден ажыратыңыз. Кәдеге жаратылған аккумулятор федералдық немесе жергілікті заңнамаға сәйкес кейінгіде қайта өңделу мен кәдеге жаратылуы үшін электрлік және электрондық жабдықты қабылдайтын тиісті орынға кәдеге жарату үшін тапсырылуға жатады.
19. Бұл құрылғымен ешқашан қарапайым батареяларды пайдаланбаңыз.
20. Құрылғыны ешқашан су ағынының астына қоймаңыз, оны толығымен суға батырмаңыз.
21. Құрылғыны ылғал немесе дымқыл бетте пайдаланбаңыз.
22. Құрылғыны өз бетіңізбен бөлшектемеңіз. Авторландырылған сервистік орталыққа жүгініңіз.
23. Құрылғыны ол құлағаннан кейін, сонымен қатар аспапта, зарядтауға арналған базада және электр қуат көзінің баусымында көзге көрінетін бұзылулары бар болғанда пайдаланбаңыз. Авторландырылған сервистік орталыққа жүгініңіз.

Аккумуляторлық батареямен (Li-pol/Li-ion) жұмыс істеу жөніндегі ұсынымдар

АКБ табиғи тозуы

Құрылғы ұзақ уақыт сақталғанда және пайдаланылғанда аккумулятордың (бұдан әрі мәтін бойынша – «АКБ») зарядынан және сыйымдылығынан айырылу қасиетіне ие. Құрылғыны пайдалану кезеңінде 300 зарядтау-разрядталу циклынан кейін (құрылғыны шамамен бір жыл пайдаланғанда) АКБ сыйымдылығы номиналды мәннен 80 %-ға дейін төмендеуі мүмкін деп күтуге болады. АКБ сыйымдылығы 400 зарядтау-разрядталу циклынан кейін номиналды сыйымдылықтың 60 %-на дейін төмендеуі мүмкін. Сыйымдылықтың көрсетілген шектер мен уақыт кезеңдеріндегі ішінара төмендеуі — бұл АКБ табиғи тозуы, ақау болып табылмайды. АКБ тіпті құрылғыдан бөлек сақталса да, зарядынан айырылады. Өздігінен разрядталу айына шамамен 5 % құрайды. АКБ өзінің құрылымы бойынша ұзақ мерзімді емес және олар пайдаланылғанына не пайдаланбағандығына қарамастан үнемі тозады. Бұл тозу температура неғұрлым жоғары болса және заряд шамасы 40 % тең деп қабылданған «оңтайлыдан» (сақталуы тұрғысынан) неғұрлым алыс болса, соғұрлым қарқынды болады. Басқаша айтқанда, егер АКБ пайдаланылмайтын болса, зарядты 40-50 % деңгейде ұстаған дұрыс болады.

Аккумулятордың зарядтау/разрядтау қабілеті оған орнатылған контроллермен басқарылады. Түпнұсқалық жиынтыққа кірмейтін сыртқы зарядтау құрылғылармен «жылдам зарядтаудың» мәжбүрлі режимдері қарсы көрсетілген, себебі зарядтау мен разрядтаудың токтары шектеулі.

АКБ-да «жад әсері» деген болмайды. АКБ-ны зарядтаудың кез келген деңгейінен разрядтауды/зарядтауды бастауға болады. Құрылғылардың көбінде зарядтау/разрядталу деңгейі бойынша шектеу тұр — мысалы, заряд 90 %-дан астам болса, контроллер АКБ-ны зарядтауға рұқсат бермеуі мүмкін. Сонымен қатар ол, АКБ элементтерінің істен шығуына кедергі жасай отырып («терең разрядталу» әсерінен), оның толық разрядталуына жол бермейді.

Егер АКБ разрядталған күйде 2 апта және одан астам болса, онда оның элементтерінде сыйымдылықтан айырылудың қайтымсыз үдерісі жүреді, нәтижесінде АКБ өзі істен шығуы мүмкін.

Егер құрылғының АКБ разрядталған болса және біраз уақыт пайдаланылмаған болса, онда құрылғыны пайдалануды қайта бастар алдында оны 3Қ-на шамамен 1-2 сағат қосылған күйде қалдыру қажет.

Тек қана түпнұсқалық зарядтау құрылғысын пайдаланыңыз

1. 3Қ-сын құрылғыға қосыңыз.
2. Зарядтау құрылғысының вилкасын розеткаға енгізіңіз.
3. Батарея зарядталуы деңгейінің индикаторы батарея толық зарядталғанша жыпылықтайтын болады.
4. Батарея зарядталған кезде әдетте қызады, бұл қалыпты болып табылады.

Назар аударыңыз: зарядтау құрылғысы тиісті жалғағышта орналасқанына көз жеткізіңіз. Кері жағдайда құрылғы зарядталмайтын болады. Кернеу деңгейі мен желідегі қуат зарядтау құрылғысының номиналды кернеуі мен қуатына сәйкес келетініне көз жеткізіңіз.

Температуралық режимді сақтаңыз

АКБ зарядталған күйде +15 °C-ден +35 °C дейінгі температурада сақталуы тиіс. АКБ қоршаған ортаның өте жоғары (+50 °C-ден жоғары) және өтен төмен (-30 °C-ден төмен) температураларында ұзақ пайдалануды көтермейді. Құрылғыға тікелей күн сәулелерінің түсуіне жол бермеңіз, сонымен қатар оны жылу көздеріне, мысалы, электрқызырғыштарға тікелей жақын жерде қалдырмаңыз.

Бұзылудың іздері бар АКБ бөлшектемеңіз, өртемеңіз, пайдаланбаңыз

Ешқандай жағдайда АКБ-ны өздігіңізден бөлшектеуге және оның элементтерін зарядтауға болмайды, бұны білікті мамандар орындауы тиіс. Элементтердің тесілуі немесе жаншылуы, кейінгіде тұтану және жарылуға әкелетін, ішкі қысқа тұйықталуға әкелуі мүмкін. АКБ корпусының ашылуы кезінде элементтің ішіне су түсуі немесе атмосфералық ылғал конденсациялануы мүмкін, бұл сүтегінің бөлінуі мен тұтануы жүретін реакцияға әкелуі мүмкін. Зақымдалған АКБ адам денсаулығы үшін зиянды заттарды бөліп шығарады.

АКБ штаттық режимде жұмыс істеуін тоқтатқан, не қандай да бір себептермен деформацияланған (ісіну, тартылу және т. б.) жағдайда тез арада авторландырылған сервистік орталыққа жүгіну қажет.







НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ: жұмыс істедудің нақты уақыты көрсетілгенге сәйкес болмауы мүмкін. АКБ зарядтау циклдарының шектеулі санына рұқсат береді және уақыт өте ауыстыруды талап етуі мүмкін (АКБ-ға шектеулі кепілдік шарттарын кепілдік талонынан қараңыз). АКБ жұмыс істеу уақыты пайдалану режиміне және баптауларға байланысты.

Батарея оңтайлы жұмыс істеуі үшін келесі ережелерді сақтаңыз:

- Батареяны алып шығар алдында құрылғыны сөндіріңіз.
- Егер батарея жаңа болса немесе ұзақ уақыт ішінде пайдаланылмаған болса, зарядтау процесі әдеттегіден көп уақыт алуы мүмкін. Егер батарея кернеуі құрылғыны іске қосу үшін жеткіліксіз болса, батареяны ұзағырақ зарядтаңыз.
- Батареяны бөлме температурасында зарядтаңыз.
- Егер батарея жағымсыз иіс шығаратын болса немесе қатты қызып кетсе, оны зарядтауды дереу тоқтатыңыз.


Құрылғының сұлбасы

1. Сенсорлық бампер.
2. Дисплей.
3. Басқару панелі.
4. Шаң жинағышты/суға арналған резервуарды шығару батырмасы.
5. «Тазалау» (Классикалық тазалау)/ «Үзіліс» батырмасы.
6. «Автоматты режим» батырмасы.
7. «Сағат»/«Кесте бойынша тазалау» батырмасы.
8. «Үйге» батырмасы/Уақыттың цифрлық мәнін арттыру.
9. «Учаске» батырмасы/Уақыттың цифрлық мәнін азайту.
10. Базадан зарядтауға арналған түйіспелік алаңшалар.
11. Батареялық ойықтың қақпағы.
12. Сол жақ және оң жақ доңғалақтар.
13. Негізгі щетка.
14. Құрылғы құлауының тетігі.
15. Алдыңғы жақтағы доңғалақ.
16. Бүйірлік щеткалар.
17. Шаң жинағыш/Суға арналған резервуар.
18. Қуат көзі баусымының жалғағышы.
19. Іске қосу/сөндіру батырмасы.
20. Шаң жинағыштың қақпағы.
21. Шаң жинағыш.
22. Шаң жинағышты ашу батырмасы.
23. Негізгі сүзгі.
24. Поролонды сүзгі.
25. Жоғары тиімділіктегі сүзгі (HEPA).
26. Суға арналған резервуарды ашатын батырма.
27. Суға арналған резервуар.
28. Рәзеңке бітеуіш.
29. Микрофибра.




Құрылғыны зарядтайтын базаның сұлбасы

1. Жарық индикаторы.
2. Желілік адаптер.
3. Контакттік ұяшық.
4. Қуат көзі баусымының жалғағышы.



Қашықтан басқару пульті*

1. «Үйге» батырмасы.
2. Бағыттау батырмалары.
3. «Тазалау» (Классикалық) / «Үзіліс» батырмасы.
4. «Максимум» батырмасы.
5. «Авто» батырмасы.
6. «Учаске» батырмасы.
7. «Сұлба» батырмасы.




*Пайдаланар алдында ҚБ пультінің батареялық бөлігіне екі ААА батареяны орнатыңыз. Құрылғыны ұзақ сақтар алдында батареяларды алып шығыңыз.

Пайдалану жөніндегі нұсқаулық

Құрылғыны құрастыру

1. Құрылғыны зарядтауға арналған базаны тұра қабырғаның маңына орнатыңыз және оны, құрылғымен жиынтықтағы желілік адаптерді пайдалана отырып, электрлік желіге қосыңыз. Құрылғы базасында жарық индикаторы жанады. Құрылғыны зарядтауға арналған базаны оң және сол жақтан кемінде и 1 м қашықтықта және базаның алдыңғы и жағынан қабырғалар мен басқа заттардан 2 м қашықтықта орнату ұсынылады. Шағылысатын қабілеті жоғары заттарды (мысалы, айнаны) зарядтауға арналған базаның үстінен 15 см кем қашықтыққа орналастырмаңыз; бұл объектіні бүркеңіз немесе орнын ауыстырыңыз. Базаны тұра күн сәулелерінің әсерінен қорғаңыз.




2. Робот шаңсорғыштың корпусына бүйірлік щеткаларды орнатыңыз. Құрылғы корпусына бүйірлік щеткаларды орнатқанда олар таңдалған жаққа сәйкес келетініне көз жеткізіңіз: L — сол жақ, R — оң жақ.
3. Робот шаңсорғышты қосымша зарядтауға арналған базаға орнатыңыз және іске қосу батырмасын «Қосу» («I») күйіне ауыстырыңыз. Құрылғы панелінде жарық индикаторы жанады.

суға арналған резервуары толып тұрғанда ешқашан зарядтауға арналған базаға құрылғыны орнатпаңыз.


Құрылғыны сөндірмеңіз. Құрылғыны зарядтау процесі, сондай-ақ кесте бойынша тазалау функциясы іске қосу батырмасы «Сөнд.» («O») күйінде болғанда қолжетімді емес.

Құрылғы сөндірілген күйге ауысқан кезде барлық пайдаланушылық баптаулар автоматты түрде жойылады.

4. Құрылғыны төменде сипатталған тәсілдердің бірімен зарядтаңыз:
 - Құрылғыны желілік адаптердің көмегімен тікелей розеткаға қосыңыз.



- Құрылғының өзіндегі немесе ҚБ пультіндегі «Үйге» деген батырмасын басыңыз, құрылғы өзінің зарядталуға арналған базаны автоматты түрде табады.



5. Зарядталу кезіндегі «Тазалау» батырмасының жарық индикаторының мағынасы:

Жарық индикаторының түсі	Мағынасы
Қызғылт сары	Зарядталу процесі орындалып жатыр.
Жасыл	Құрылғы толық зарядталды.
Сөндірулі	Құрылғы ұйқы режимінде.

Ескерту: аккумуляторды пайдалану мерзімін ұзарту үшін төменде сипатталған кеңестерді орындаңыз.


- Алғашқы рет пайдаланар алдында құрылғыны түні бойы зарядталуға қалдырыңыз. Құрылғы толық зарядталғаннан кейін «Тазалау» батырмасының жарық индикаторы жасыл түспен жанады.
 - Құрылғы штаттық режимде жұмыс істеп тұрғанда құрылғыны сөндірмеңіз, құрылғыны зарядтауға арналған базаны желіден ажыратпаңыз, құрылғыны базаға орналастырыңыз.
 - Құрылғыны ұзақ уақыт сақтауға қояр алдында оны шамамен 70 %-ға зарядтаңыз, содан кейін сөндіру батырмасын «Сөнд.» («О») күйіне орнатыңыз, базаны электр қуат көзінің желісінен ажыратыңыз. Құрылғыны және оның құрамдас бөлшектерін қараңғы, жақсы желдетілетін жерде сақтаңыз.
6. Осы құрылғының өздігінен зарядталу функциясы бар: батарея зарядының төмен деңгейінде құрылғы базаға қосымша зарядталу үшін автоматты түрде қайта оралады.

Пайдаланар алдында


Тұрғын үй-жайларды тазалау процесі олардың жиһаздарының күрделілігімен қиынға түседі, сондықтан беттің кейбір учаскелері робот шаңсорғыш үшін қолжетімсіз болуы мүмкін.

Сіздің құрылғыңыздың міндетін жеңілдету үшін тазалауды жүргізер алдында төменде келтірілген кеңестерді орындаңыз:

- Еденнің бетін бөгде объектілер мен заттардан тазартыңыз. Еденде жатқан тұрмыстық аспаптардың электр қуатының баусымдарын және перделердің салбырап түсіп тұрған бөліктерін жинаңыз.
- Жиһазды мүмкіндігінше еден кеңістігінің неғұрлым аз көлемін алытындай етіп орналастырыңыз.



- **Кілемді жабында ешқашан ылғалды тазалау функциясын пайдаланбаңыз.** Тазалауды бастар алдында кілемді шиыршықтап жинап алыңыз.
- Баспалдақтары немесе сатылы биік жерлері бар үй-жайларда тазалау жүргізгенде құрылғы құлауына жол бермеу үшін қоршауларды немесе қорғаныш тосқауылдарды пайдаланыңыз.
- Тар өтпелерде құрылғының жолын бөгемеңіз немесе оның жолында тұрмаңыз. Робот-шаңсорғыш қозғалу траекториясын өзгертеді және осы аймақта тазалау жүргізілмеуі мүмкін.
- Алғашқы тазалау кезінде, кейінгіде кеңістікті дайындауды оңтайландыру үшін, құрылғының жұмысын қадағалау ұсынылады.
- Құрылғыны күнделікті пайдалану ұсынылады.



Құрылғыны пайдалану


1. Іске қосу батырмасы «Қос.» («I») күйінде екендігіне көз жеткізіңіз.
2. Құрылғы корпусындағы немесе ҚБ пультіңдегі «Тазалау» батырмасын басыңыз. Әдепкі қалпы бойынша «Классикалық тазалау» режимі тұр.
Ескерту: егер бұған дейін құрылғы ұйқы режимінде болса, онда құрылғыны белсендіру үшін ең алдымен «Тазалау» батырмасын басыңыз, содан кейін, тазалауды бастау үшін, тағы бір рет басыңыз.
3. Құрылғыны үзіліске қою немесе режимді өзгерту үшін құрылғы корпусындағы немесе ҚБ пультіңдегі «Үзіліс» батырмасын басыңыз. Үзіліс жағдайында Сіз құрылғыны ҚБ пультіңдегі навигациялау батырмаларының көмегімен жылжыта аласыз.
 Құрылғының жұмысын қайта бастау үшін құрылғыдағы «Тазалау» не «Авто» батырмасын немесе ҚБ-ғы «Тазалау» батырмасын басыңыз.
 Үзілістен немесе режимді ауыстырғаннан кейін тазалауды қайта бастағанда құрылғы кейбір учаскелерді тазалауды қайталап бастауы мүмкін.
4. Осы құрылғыда тазалаудың бес режимі бар:
 - **Классикалық тазалау** — құрылғы қабырға бойымен қозғалу траекториясы бойынша беттерді тазалауды өздігінен есептейді (кілемді жабындар үшін ұсынылады). Бұл режим құрылғыдағы / ҚБ пультіңдегі «Тазалау» батырмасына басу арқылы іске қосылады.
 - **Автоматты тазалау** — құрылғы иректі траектория бойынша беттің тазалануын өздігінен есептейді. Бұл режим құрылғыдағы / ҚБ пультіңдегі «Авто» батырмасына басу арқылы іске қосылады.
 - **Учаскені тазалау** — оқшауланған тазалау үшін құрылғыны қалаған учаскеге орналастырыңыз. Бұл режим құрылғыдағы / ҚБ пультіңдегі «Учаске» батырмасына басу арқылы іске қосылады.
 - **Сұлба бойымен тазалау** — құрылғыны қабырғаның (немесе басқа объек-

тінің) шектерінің маңына орналастырыңыз, қабырға (объектінің) шектері бойыменшаң мен ластануларды тазалауды бастау үшін ҚБ пультіңдегі «Сұлба» батырмасын басыңыз. Тазалау аяқталғаннан кейін құрылғы автоматты түрде базаға қайта оралады.

- **Максималды қаттылықта тазалау** — осы функция жоғарыда аталған режимдердің кез келгенінде қолжетімді және аса қатты ластанулар жағдайында пайдаланылады. Функцияны іске қосу үшін ҚБ пультіңдегі «Максимум» батырмасына басыңыз, дисплейде «Н1» индикаторы көрсетіледі. Осы функцияны сөндіру үшін «Максимум» батырмасын тағы бір рет басыңыз, дисплейде «LO» индикаторы көрсетіледі.
5. Құрылғыны ұйқы режиміне ауыстыру үшін ең алдымен оны үзіліске қойыңыз; үзіліс күйінде құрылғы пайдаланушылық белсенділік 10 минуттан астам болмағанда автоматты түрде ұйықтау режиміне көшеді.
 6. Күнделікті пайдаланғанда құрылғыны сөндірмеу ұсынылады.
 7. Ұзақ сақтаудың алдында құрылғыны сөндіріңіз: оны үзіліске қойыңыз, содан кейін іске қосу батырмасын «Сөнд.» («O») күйіне орнатыңыз. Базаны желіден ажыратыңыз. Құрылғыны, «Тазалау және күтім жасау» бөлімінде көрсетілгендей, тазалаңыз және ҚБ пультінен батареяларды алып шығыңыз. Құрылғыны қараңғы және құрғақ жерде сақтаңыз.

Ылғалды тазалау

1. Суға арналған резервуарды толтырыңыз.
2. Судың берілетін көлемінің деңгейін өзгерту үшін ҚБ пультіңдегі «Максимум» батырмасына басыңыз: төмен, орташа, жоғары. Дисплейде ағымдағы деңгей көрсетілетін болады: low, middle, high сәйкесінше. Әдепкі қалпы бойынша судың берілетін көлемінің орташа деңгейі тұр.
3. Суға арналған резервуардың қақпағын ашыңыз және ылғалды тазалауға арналған ысқышты бекітіңіз.
4. Суға арналған резервуардағы шаң жинағышты ауыстырыңыз.












5. Ылғалды тазалауды бастау үшін «Тазалау» батырмасын басыңыз (тазаланатын беттің ауданы 7 м²).

МАҢЫЗДЫ:


- Ылғалды тазалауды бір ретте бір бөлмеде жүргізу ұсынылады.
- Ылғалды тазалауды кілемді жабындарда қолданбаңыз.
- Суға арналған резервуарды сумен толтырғанда ылғи құрылғыдан ажыратыңыз.
- Зарядтау кезінде суға арналған резервуарды ешқашан құрылғыда қалдырмаңыз.

Кесте бойынша тазалау

1. Ең алдымен ағымдағы уақытты баптаңыз.
 - Құрылғы ұйқы режимінде емес екендігіне көз жеткізіңіз.
 - Құрылғы панеліндегі  батырмасын басыңыз және басып ұстаңыз. Дыбыстық сигнал естіледі, ал құрылғы ұйқы режиміне көшеді.
 - Уақыттың цифрлық мәнін баптау үшін   батырмаларына, ал содан кейін, растау үшін және  келесі бапталатын бөлімге көшу үшін, басыңыз.
 - Бөлімдерді баптаудың тәртібі: Сағат > Минуттар > Уақыт форматы (12/24) > Апта күні.
 - Уақыт форматын (12/24) таңдау үшін  басыңыз.
 - Ағымдағы уақытты баптауды аяқтағаннан кейін, баптауларды сақтап қалу үшін, «Тазалау» батырмасын басыңыз.
 - Егер пайдаланушылық белсенділік 15 секундтан астам болмаса, құрылғы енгізілген өзгерістерді сақтаусыз баптау бөлімінен автоматты түрде шығады.
2. Тазалауды кесте бойынша баптау:
 - Құрылғы панеліндегі  батырманы басыңыз және ұстап тұрыңыз. Дыбыстық сигнал естіледі, уақыт пен апта күндерінің индикаторы жыпылықтай бастайды.
 - Апта күндері (Monday — Sunday) арасында ауысып-көшу үшін   батырмаларын, ал содан кейін, растау және келесі бапталатын бөлімге көшу үшін,  басыңыз.
 - Бөлімдерді баптаудың тәртібі: Апта күні > Сағат > Минуттар.
 - Ағымдағы уақытты баптауды аяқтағаннан кейін, баптауларды сақтап қалу үшін, «Тазалау» батырмасын басыңыз.
 - Құрылғы тазалауды кестеге сәйкес бастайды.
 - Егер пайдаланушылық белсенділік 15 секундтан астам болмаса, құрылғы енгізілген өзгерістерді сақтаусыз баптау бөлімінен автоматты түрде шығады.

Тазалау және күтім жасау


1. Шаң жинағышты құрылғы корпусынан ажыратыңыз және оны босатыңыз.
2. Сүзгілер (HEPA қоспағанда) мен шаң жинағышты алып шығыңыз және жылы сумен жуыңыз, мұқият кептіріңіз. Сүзгілерді кептіру үшін жылытқыштар / фендерді пайдаланбаңыз.




Сүзгілерді кем дегенде айына бір рет жуу ұсынылады.

HEPA сүзгісін кем дегенде жарты жылда бір рет жаңасына ауыстыру ұсынылады. Құрылғыны пайдалануды жалғастырар алдында барлық сүзгілер кепкеніне көз жеткізіңіз.


3. Шаң жинағышты орнына орнатар алдында ауа соратын арнасын бөгде объектілердің бар-жоғына тексеріңіз.
4. Ылғалды тазалаудан кейін суға арналған резервуарды және ылғалды тазалауға арналған микрофибраны құрылғы корпусынан ажыратыңыз және босатыңыз.




5. Микрофибраны шайқаңыз және кептіріңіз. Суға арналған резервуарды орнатар алдында ол толығымен кепкеніне көз жеткізіңіз.
6. Құрылғы корпусынан негізгі щетканы алып шығыңыз және жиынтықтағы арнайы құрал-сайманның көмегімен щетканы тазартыңыз.




7. Арнайы құрал-сайманның көмегімен бүйірлік щеткаларды шешіп алыңыз және тазалаңыз. Щеткаларды қажеттілік бойынша ауыстырыңыз.




8. Алдығы доңғалақты ластанулардан, түктен және ықтимал бөгде денелерден тазартыңыз.



9. Сенсорлық бампердің сезімталдығын сақтау үшін оны үнемі сүртіп отырыңыз.


















10. Құрылғының сенсорларын, түйіспелік алаңшаларын және зарядтау базасының жанасу ұяшықтарын құрғақ матамен сүртіп алыңыз.



Қателер кодтары

Құрылғы жұмысында ақаулық анықталғанда дисплейде осы кестеде ұсынылған қателер кодтарының біреуі көрсетіледі:

Қатенің коды	Қысқа дыбыстық сигнал	Сипаттамасы	Шешім
.E11 	•	Сол жақ бүйірлік доңғалақтың жұмысындағы ақаулық.	Сол жақ бүйірлік доңғалақты тексеріңіз.
.E12 	•	Оң жақ бүйірлік доңғалақтың жұмысындағы ақаулық.	Оң жақ бүйірлік доңғалақты тексеріңіз.
.E13 	•	Сол жақ бүйірлік щетканың жұмысындағы ақаулық.	Сол жақ бүйірлік щетканы тексеріңіз.
.E14 	•	Оң жақ бүйірлік щетканың жұмысындағы ақаулық.	Оң жақ бүйірлік щетканы тексеріңіз.
.E15 	•	Негізгі щетка жұмысындағы ақаулық.	Негізгі щетканы тексеріңіз.
.E21 	••		Құрылғыны ашық кеңістікке жылжытыңыз және қайталап іске қосыңыз.
.E22 	••	Құлау тетігі жұмысының бұзылуы.	Құлау тетігін тексеріңіз.
.E23 	••	Бампер жұмысының бұзылуы.	Бамперді тексеріңіз.
.E31 	•••	Құрылғы кептеліп қалды.	Құрылғыны ашық кеңістікке жылжытыңыз және құрылғыны қайталап іске қосыңыз.
.E32 	•••	Ауа соратын агрегат жұмысының бұзылуы.	Құрылғыны қайталап іске қосыңыз. Егер проблема жойылмаса, сервистік орталыққа жүгініңіз.
.E33 	•••	Суға арналған резервуар жұмысының бұзылуы.	Суға арналған резервуар тиісті түрде орнатылуын тексеріңіз.

.E41	•••	Аккумулятор жұмысының бұзылуы.	Аккумуляторды ауыстырыңыз.
.E42 	••••	Соққыларға қарсы тетіктердің жұмысының бұзылуы.	Құрылғыны қайталап іске қосыңыз. Егер проблема жойылмаса, сервистік орталыққа жүгініңіз.
.E43 	•••••	Гироскопиялық центрлеу модулінің бұзылуы.	Құрылғыны қайталап іске қосыңыз. Егер проблема жойылмаса, сервистік орталыққа жүгініңіз.
.LO 	Жоқ	Аккумулятор зарядының төмен деңгейі.	Құрылғыны зарядтаңыз. Құрылғының зарядтауға арналған базаға қосылуының тығыздығын тексеріңіз.
	Жоқ	HEPA сүзгісі жұмысының бұзылуы.	HEPA сүзгісін жуыңыз немесе ауыстырыңыз.

Ықтимал проблемалар және оларды шешу

Құрылғыны пайдаланған кезде Сіз төменде аталған бірқатар проблемаларға тап болуыңыз мүмкін. Егер кестеде ұсынылған шешімдер нәтиже бермесе, авторландырылған сервистік орталыққа жүгініңіз.

Проблема	Ықтимал себебі және шешімі
Құрылғы зарядталмайды.	Құрылғының базаға тығыз қосылмауы. Құрылғының қосылуын тексеріңіз.
	Құрылғы базаға қосылған, ал база желіден ажыратылған. Бұл құрылғының разрядталуына әкелуі мүмкін. Базаның желіге қосылуын тексеріңіз.
Құрылғы тазалау кезінде кептеліп қалды.	Еденде құрылғының өтуіне кедергі жасайтын бөтен объектілер бар. Құрылғы кедергіні айналып өтудің барлық ықтимал нұсқаларын автоматты түрде байқап көреді. Егер ол сәтсіз болса, құрылғыны қолмен жылжытыңыз.

Құрылғы, тазалауды аяқтамай, базаға қайта оралады.	Батарея зарядының деңгейі төмен. Құрылғы өзін-өзі зарядтау функциясын белсендіреді және базаға қарай жөнеледі.
	Тазалау уақыты жабынның типіне және беттің ластануына байланысты өзгереді. Бұл ақаулық болып табылмайды.
Құрылғы тазалауды белгіленген уақытта автоматты түрде бастамайды.	Құрылғы сөндірілген немесе разрядталған. Күту режимінде құрылғыны сөндірмеңіз, құрылғыны қосымша зарядтау базасынан ажыратпаңыз.
	Құрылғы элементтерінде ластанулар бар. Бүйірлік щеткаларды, доңғалақтарды және негізгі щетканы ластанудан тазалаңыз. Шаң жинағышты босатыңыз.
ҚБ пульті жұмыс істемейді (пульттің жұмыс істеуіне арналған оңтайлы қашықтық — 5 м).	Батарея зарядының деңгейі төмен. ҚБ пультіндегі батареяларды ауыстырыңыз.
	Құрылғы сөндірілген немесе разрядталған. Күту режимінде құрылғыны сөндірмеңіз, құрылғыны қосымша зарядтау базасынан ажыратпаңыз.
	Құрылғының ҚБ пультінің таратқышы немесе сигналды қабылдау тетігі ластанған. Ластануларды құрғақ матаның көмегімен тазалаңыз.
	Бөгде құрылғыдан сигналдық кедергі. Құрылғыны инфрақызыл сәулеленуді қолданатын басқа аспаптарға жақын пайдаланудан аулақ болыңыз.

Техникалық сипаттамалар

- Үлгісі: LF800.
- Кіріс кернеуі: 220-240 В, 50 Гц.
- Сору қуаттылығы: 18 Вт.
- Сору қысымы: 1000 Па дейін.
- Аккумулятордың типі: Li-ion.
- Аккумулятордың сыйымдылығы: 2400 мАсағ.
- Шаң жинағыштың сыйымдылығы: 0,6 л.
- Суға арналған ыдыс: 0,32 л.
- Қосымша зарядтаусыз жұмыс істеудің уақыты: 120 мин дейін.
- Құрылғыны зарядтау уақыты: 250-350 мин.
- Шудың деңгейі: 68-72 дБ.
- Жұмыс істеудің 5 режимі.
- Зарядтаудың 2 режимі.
- Ылғалды тазалау функциясы.
- Үй-жайдың картасын құру.
- Жинақтама: робот шаңсорғыш, құрылғыны зарядтауға арналған база, ҚБ пульті, желілік адаптер, пайдаланушы нұсқаулығы, құрылғыны тазалауға арналған щетка, қосалқы бүйірлік щеткалар (2 дана), қосалқы НЕРА сүзгісі, ылғалды тазалауға арналған резервуар, микрофибра (2 дана).

Қосымшаны орнату және құрылғыны қосу

1. App Store немесе Google Play қосымшалар дүкенінде «DEXP ROBOT» қосымшасын табыңыз және өзіңіздің мобильді құрылғыңызға (смартфон, планшет) қосымшаны жүктеңіз.
2. Wi-Fi сигналының деңгейі жеткілікті жақсы екендігіне және робот-шаңсорғышты іске қосу батырмасы «Қос.» («I») күйінде екендігіне көз жеткізіңіз.

Құрылғыны қосымшадан алып тастау

№1 тәсіл:

1. Құрылғымен байланысты ажырату үшін қосымшаға әкімші атынан кіріңіз.
2. Тізімнен қалаған құрылғыны таңдаңыз, содан кейін оған басыңыз және, позицияның атауында саусақты ұстап тұрып, экранда солға қарай жүргізіңіз.
3. Құрылғымен байланысты ажырату үшін оң жақта шыққан «Ажырату» батырмасын басыңыз.

№2 тәсіл:

1. Өзіңіздің робот шаңсорғышыңызды іске қосыңыз және құрылғы Wi-Fi желісіне қосылғанына көз жеткізу үшін 30 секунд күтіңіз. Құрылғы Wi-Fi желісіне қосылғаннан кейін дыбыстық сигнал беріледі, ал Wi-Fi желісінің жарық индикаторы жыпылықтауын тоқтатады.
2. Құрылғы корпусындағы «Учаске» батырмасын басыңыз және 5 секунд бойы ұстап тұрыңыз. Ажыратылу сәтті өткенін білдіретін дыбыстық сигнал беріледі.
Ескерту: құрылғы Wi-Fi желісіне қосыла алмаған жағдайда «Учаске» батырмасын басыңыз және 5 секунд бойы басып ұстаңыз, содан кейін қосымша арқылы құрылғымен байланысты ажыратыңыз.
3. Құрылғыны Сіздің смартфоньыңызға/планшетіңізге қайта байланыстыру үшін «Қосымшаны орнату және құрылғыны қосу» бөлімінде сипатталған әрекеттерді қайталаңыз.

Құрылғыны бірнеше пайдаланушылардың бірге басқаруы

1. Осы функцияны белесендіру үшін әкімші құқықтарымен қосымшаның жеке кабинетіне кіріңіз.
2. «Бірлесіп пайдалану» бөліміне кіріңіз және тізімнен қалаған құрылғыны таңдаңыз.
3. Сіздің смартфоньыңыздың/планшетіңіздің экранында құрылғының QR-коды шығады.
4. Қосымшаға жеке кабинеттің «QR-кодты сканерлеу» бөліміне басқа профильмен басқа құрылғыдан кіріңіз және әкімшіден QR-кодты сканерлеп алыңыз. Әкімшіден растауды алғаннан кейін робот шаңсорғыш басқару бірнеше пайдаланушылар үшін қол жетімді.

Монтаждау, сақтау, тасу (тасымалдау), өткізу және кәдеге жаратудың ережелері мен шарттары

- Құрылғы қандай болса да монтаждауды немесе тұрақты бекітуді талап етпейді.
- Құрылғының сақталуы қаптамада өндіруші мен тұтынушының жылытылатын үй-жайларында ауаның 5 °С-ден 40 °С дейінгі температурасында және ауаның 80 %-дан аспайтын салыстырмалы ылғалдылығында жүргізілуі тиіс. Үй-жайларда тоттануды тудыратын агрессивті қоспалар (қышқылдардың, сілтілердің булары) болмауы тиіс.
- Құрылғының тасымалдануы құрғақ ортада жүзеге асырылуы тиіс.
- Құрылғы абайлап ұстауды талап етеді, оны шаңның, ластың, соққылардың, ылғалдың, оттың және т. б. әсерінен қорғаңыз.
- Құрылғының өткізілуі Қазақстан Республикасы қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүргізілуі тиіс.
- Бұйымның қызмет ету мерзімі аяқталғаннан кейін оны әдеттегі тұрмыстық қоқыспен бірге лақтыруға болмайды. Бұның орнына ол федералдық немесе жергілікті заңнамаға сәйкес кейінгіде қайта өңделу мен кәдеге жаратылуы үшін электрлік және электрондық жабдықты қабылдайтын тиісті орынға кәдеге жарату үшін тапсырылуға жатады. Осы бұйымның кәдеге дұрыс жаратылуын қамтамасыз етіп, сіз табиғи ресурстарды сақтауға көмектесесіз және қоршаған орта мен адамдардың денсаулығына тиісті түрде ұстамау жағдайында болуы мүмкін залалдың алдын аласыз. Осы өнімді қабылдау және кәдеге жарату пункттері туралы біршама толығырақ ақпаратты жергілікті муниципалдық органдарда немесе тұрмыстық қоқысты шығаратын кәсіпорыннан білуге болады.
- Құрылғыда ақаулық анықталғанда дереу авторландырылған сервистік орталыққа жүгіну немесе құрылғыны кәдеге жарату қажет.



Қосымша ақпарат

Өндіруші: Шэньчжэнь Чжии Тэкнолоджи Ко., Лтд.

Б ғимараты, Хайтера өнеркәсіптік паркі, Баолун 4-ші тас жолы, Лунган ауданы, Шэньчжэнь қ., Қытай.

Қытайда жасалған.

Импортер / юр.лицо, принимающее претензии в Казахстане:

ТОО «DNS KAZAKHSTAN», г. Нұр-Сұлтан, пр. Сарыарқа, дом 12, офис 301С, Казахстан.

Импорттаушы / Қазақстан шағымдар қабылдайтын заңды тұлға:

«DNS KAZAKHSTAN» ЖШС, Нұр-Сұлтан қ., Сарыарқа даңғ., 12-үй, 301С-кеңсе, Қазақстан.

Тауар Кедендік одақтың техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді:

- КО ТР 020/2011 «Техникалық құралдардың электромагниттік үйлесімдігі»;
- КО ТР 004/2011 «Төмен вольтті жабдықтардың қауіпсіздігі туралы».

Тауар Еуразиялық экономикалық одақтың ЕАЭО ТР 037/2016 «Электротехника және радиоэлектроника бұйымдарында қауіпті заттарды қолдануды шектеу туралы» техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді.

Бұйымның сыртқы түрі және оның сипаттамалары алдын ала ескертусіз өзгертілуге ұшырауы мүмкін.

Аспаптың құрамдалуы алдын ала ескертусіз өзгеруі мүмкін.



Өндіріс күні пайдаланушы нұсқаулығының орыс тіліндегі нұсқасында көрсетілген.

www.dexp.club